

ӘЛШЕКЕЙ БЕКТІБАЙҰЛЫ

«ТОЛҚЫН»

ПАРТИТУРАЛАР

АСТАНА-2017

Қазақтың күйшілік өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған халық композиторы, Сыр өңірінің айтулы күйшісі – Әлшекей Бектібайұлының 170 жылдығына арналады.

УДК...

ISBN...

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Мәдениет және өнер факультетінің оқу әдістемелік кеңесінің 2017 жылғы 16 ақпандағы №6 хаттамалық шешімімен баспаға ұсынылған

Күйлерді нотаға түсіріп, редакциялап, баспаға әзірлеген:

Еркін Нұрымбетов.

Алғы сөзін жазып, пікір білдірген: **Айтқали Жайымов.**

Шығаруға жауапты: **Ильяс Жидебай**

Жинақта Әлшекей Бектібайұлының 12 күйі оркестрге өңделіп, лайықталып алғаш рет жарияланып отыр. Сонымен қатар, Әлшекейге арналған 2 күй мен жеке домбыраның дауыстары берілген.

Елімізге танымал дирижерлер мен өнер майталмандарының күйлерді арнайы әрлеуіндегі бұл партитуралар жинағы музыкалық оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне, кәсіби дирижерлер мен оркестр жетекшілеріне көмекші оқулық құралы ретінде ұсынылады.

с **Е.Нұрымбетов, 2017**

..... **баспасы, 2017.**

Мазмұны:

1. Айтқали Жайымов - Алғы сөз	4
2. Әлшекей «Толқын». Орк.түсірген: Ж.Темірғалиев.....	9
3. Әлшекей «Отарба». Орк.түсірген: А.Жайымов.....	27
4. Әлшекей «Сыбызғының күйі». Орк.түсірген: А.Жайымов.....	43
5. Әлшекей «Аққу кеткен». Орк.түсірген: Қ.Сайжанов.....	56
6. Әлшекей «Сауда бұзар». Орк.түсірген: Т.Тоқжанов.....	73
7. Әлшекей «Терісқақпай». Орк.түсірген: Е.Нұрымбетов.....	88
8. Әлшекей «Желдірме». Орк.түсірген: Е.Нұрымбетов.....	105
9. Әлшекей «Ақжелең». Орк.түсірген: Е.Нұрымбетов.....	125
10. Әлшекей «Жаяу кербез». Орк.түсірген: С.Садықов.....	142
11. Әлшекей «Бұқтым-бұқтым». Орк.түсірген: М.Әмзе.....	172
12. Әлшекей «Айрауықтың ащысы-ай». Орк.түсірген: Б.Көбенғалиев....	187
13. Әлшекей «Шерлі». Орк.түсірген: Н.Бекенов.....	199
14. Домбыраның жеке дауыстары	215
15. Бәден Айсынов «Әлшекей сарыны». Орк.түсірген: Ж.Айсын.....	244
16. Еркін Нұрымбетов «Тарту».....	253
17. Е.Нұрымбетов – Қорытынды.....	275
18. Резюме-Summary.....	289
19. Пайдаланылған әдебиет тізімі.....	290

Алғы сөз

Қазақ халқының тарихы, тұрмыс-тіршілігі, өмір туралы философиясы, сырлы сезімге толы асыл арманы-домбыраның қос ішегінен шығатын қоңыр сазында жатыр десек, ол артық айтқандық емес. Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен күйлердің бірде мұңды, бірде жүрек тебіренер нәзік сазы, енді бірде мың сан тұлпар тұяғының дүбіріндей екпіндеген қажыр-қайратқа толы үні-соның айғағы. Ал, осы асыл мұрамызды қастерлеп сақтап, қаймағын бұзбастан кейінгі ұрпаққа жеткізу-біздің парызымыз.

Халқымыздың күйшілік өнерін зерттеп хатқа түсіруде, Қазақстандағы кәсіби музыканың негізін салушылардың бірі -А.Жұбановтың еңбегі ұшан-теңіз. А.Жұбанов халық композиторларының өмірі мен шығармашылығын зерделей зерттеп, күйлерін нотаға түсіріп, «күй» деп аталатын ұлттық аспаптық музыкамыздың оркестрде орындалғанда «қайта туып», оның дыбыс ауқымының кең, ішкі дүниесінің өте бай екендігін іс жүзінде дәлелдеп беріп кеткені белгілі. Бұл игілікті іс бүгін де өз жалғасын табуда. Музыка мамандары әлі де болса аттары аталмай келген халық күйшілері туралы деректер жинап, еңбектер жазып, шығармаларын нотаға түсіріп ел игілігіне жаратуда.

Солардың бірі-кезінде «Сыр сүлейі» атанған күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлы. Әлшекей 1847 жылы бүгінгі Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. 12 жасынан бастап ел ішінде домбырашы бала атанған ол өсе келе Сыр өңіріне есімі әйгілі күйші болады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін «бай-құлақтың» тұқымы деген әңгімеге іліккен Әлшекей отбасымен бір елден екінші елге көше отырып, ақыры Тәжікстаннан бір шығады. Өмір тауқыметін көп көрген Әлшекей Бектібайұлы сол елдің Шәрбат ауданындағы Яуан қыстағында 1932 жылы 85 жасында дүниеден өтеді.

Ұсынылып отырған жинаққа Ә.Әбдіқалықов, Т.Дүйсебеков, Ж.Дәнебекев, А.Жаманқұлов, З.Мұсабаев, Қ.Тасбергенов сынды күйшілердің орындауында белгілі күйші, композитор, дирижер Е.Нұрымбетов нотаға түсірген (Е.Нұрымбетов «Сыр сүлейі – Әлшекей». Алматы «Исламнұр» баспасы. 2005) Әлшекей күйлерінің бірнешеуі ғана оркестрдің орындауына лайықталып беріліп отыр.

Белгілі музыка мамандары Ж.Темірғалиев, Қ.Сайжанов, Т.Тоғжанов, Е.Нұрымбетов, С.Садықов, М.Әмзе, Б.Көбенғалиев, Н.Бекенов, Әлшекей күйлерінің бітім-болмысын, құрылымдық, әуездік ерекшеліктерін ашуда, оркестр құрамындағы әр аспап пен аспаптар тобының өздеріне ғана тән дыбыс бояуы мен үндестігін шебер пайдаланып қолдана білген.

Енді, осы жолдардың авторы оркестрге түсірген «Сыбызғы күйі» және «Отарба» күйлерінің партитурасындағы аспаптардың атаулары мен орналасуындағы өзгешіліктер туралы айтқымыз келеді.

Кезінде орыстың ғалым-саяхатшылары П.С.Паллас, И.И.Лепехин, С.Г.Гмелин, А.И.Левшин, А.Е.Алекторов, А.Эйхгорн және Ш.Уәлиханов пен оның досы Г.Н.Потанинның еңбектерінде қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы құнды деректер бар. Өнертанушы ғалым Б.Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары» (А., «Өнер» 1981) атты кітабында ұлттық аспаптарымызды жіктеп, тармақтаған болатын. 1934 жылы ұлттық оркестрдің (кезінде осылай аталған) құрылуына байланысты, А.Жұбановтың басшылығымен аспаптар өңделіп, жетілдіріліп, көне аспаптар негізінде жаңа түрлері жасалып, Ресейдің В. Андреев атындағы және классикалық симфония оркестрлерінің үлгісінде топ-топқа бөлініп ұлттық оркестр құрамына енгізілді. Бірақ, өздеріңіз көріп жүргендей, қазақтың музыкалық аспаптарының атаулары мен олардың партитурада орналасуы, әлі күнге дейін бір жүйеге келтірілмеген. Мысалы, 1966-1967 жылдары Алматы консерваториясында көне қобыз класы ашылғанда, оның төл атауын төрт ішекті қобыздың «иемденіп» алуына байланысты – «қылқобыз» деп аталды. Сондай-ақ, симфония оркестрінен енген соқпалы аспаптардың атауларын (кейбір аспаптардың бізде өздерінің төл атауларымен болғанын ескермей) орыстардың шет тілден өз тілдеріне тәржімалаған нұсқасын қолданып жүрміз.

Төмендегі кестеде соқпалы аспаптардың қазақша атауы көрсетілген:

Итальянша атауы	Орысша атауы	Қазақша атауы
<i>Timpani</i>	<i>Литавры</i>	<i>Дауылпаздар</i>
<i>Triangolo</i>	<i>Треугольник</i>	<i>Үшбұрыш</i>
<i>Tamburo di legno</i>	<i>Деревянный брусок (Коробочка)</i>	<i>Қорапша</i>
<i>Tamburino</i>	<i>Бубен</i>	<i>Даңғыра</i>
<i>Tamburo</i>	<i>Малый барабан</i>	<i>Кіші дабыл</i>
<i>Piatti</i>	<i>Тарелки</i>	<i>Шыңдар</i>
<i>Cassa (Gran cassa)</i>	<i>Большой барабан</i>	<i>Үлкен дабыл</i>

Бізде жасалған бас қобыз, контрабас қобыз аспаптары уақыт сынынан өте алмағандықтан симфонияның виолончель мен контрабас аспаптары, сонымен қатар флейта, гобой аспаптары да қазақ оркестріне толығымен енді. Сондықтан оларды дүниежүзіне тараған өз атауымен атағанымыз дұрыс:

Итальянша атауы	Орысша атауы	Қазақша атауы
<i>Piccolo (Flauto piccolo)</i>	<i>Пикколо (Малая флейта)</i>	<i>Пикколо (Кіші флейта)</i>
<i>Flauto (Flauto grande)</i>	<i>Флейта (Большая флейта)</i>	<i>Флейта (Үлкен флейта)</i>
<i>Oboe</i>	<i>Гобой</i>	<i>Гобой</i>
<i>Violoncello</i>	<i>Виолончель</i>	<i>Виолончель</i>
<i>Contrabasso</i>	<i>Контрабас</i>	<i>Контрабас</i>

Ең алғашқы нұсқалары Германия мен Австрияда жасалып, Ресейге 1830-шы жылдан бастап тарап, «Баян» атауына ие болған аспап-қазақ оркестрінде «Сырнай» деп аталады.

Қазіргі сым ішекті прима домбыра, бас домбыра, контрабас домбыра деп аталып жүрген аспаптарымызды ойнау тәсілі мен ерекшеліктері, құралы (медиатор) шертерге ұқсағандықтан (көне шертер аспабының сыртқы тұрпаты домбыра мен қобыз сияқты болған) прима домбыраны – «сымшертер», бас домбыраны – «бас шертер», контрабас домбыраны – «контрабас шертер» деп атауды жөн санаймыз. Ал, көне қобызға өзінің төл атауын қайтарып, төрт ішекті қобызды –«сымқобыз» деп атадық.

Осы аспаптардың партитурада орналасуына келетін болсақ (партитураның үлгісі келесі бетте берілді), жоғарғы жағында шертер мен домбыра тобы, төменгі жағында қобыз тобы орналасуы керек. Себебі, қазақ оркестрінің негізі – ұлттық аспаптарымыз. I-II сымқобыз бен альт қобыздың өзара үндестіктерін сақтау үшін, сонымен қатар, альт қобыздың дыбыс ауқымының жоғары екендігін ескере отырып, қобыз аспабын альт қобыздан төмен салдық.

Бүгінгі ұлттық оркестріміздің құрамында басқа оркестрлерден енген аспаптар болған соң, оны «Қазақ халық аспаптар (аспаптары) оркестрі» деген атаудың орнына – «Қазақ оркестрі» деп аталғаны дұрыс. Алдағы уақытта

ұлттық аспаптарымыз әлі де жетілдіріліп, жаңадан аспаптар жасалынып оркестр құрамына енуі мүмкін. Бұл – өскелең заман талабы.

Қорыта айтқанда, оркестрлердің репертуары енді, Өлшекей бабамыздың туындыларымен толыға түсетініне кәміл сенімдіміз.

Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясы
Қазақ оркестрінің Көркемдік жетекшісі және бас дирижеры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Айтқали Жайымов

Қазақ оркестрі партитурасының үлгісі

Сымшертерлер

Шертерлер

Домбыралар I

Домбыралар II

Бас
шертерлер

Контрабас
шертерлер

Пикколо

2 Флейта

2 Гобой

Сырнай I

Сырнай II

Сырнай III

Сырнай IV

Дауылпаздар

Үшбұрыш

Қорапша

Даңғыра

Кіші дабыл

Шың

Үлкен дабыл

Сымқобыздар I

Сымқобыздар II

Альт
қобыздар

Қобыздар

Виолончельдер

Контрабастар